

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27 мамырдағы N 520 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 17-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1405 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану ережесіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне 2005 жылға арналған республикалық бюджетте шұғыл шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен мынадай іс-шараларға:

қазынашылықтың біріктірілген ақпараттық жүйесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды күшейту мақсатында қазынашылықтың біріктірілген ақпараттық жүйесін пысықтау жөніндегі консалтингтік қызметтерге ақы төлеуге;

Oracle Applications лицензияларын сатып алуға;

қазынашылықтың біріктірілген ақпараттық жүйесінің штаттан тыс ажырауын, жүйенің бағдарламалық-аппарат кешенінің жаңылысуын және істен шығуын болдырмау мақсатында үздіксіз энергиямен жабдықтауды қамтамасыз ету бойынша жабдықтар сатып алу мен орнатуға 335000000 (үш жүз отыз бес миллион) теңге б ө л і н с і н .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.21. N 1261 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі